

Құнды қағаздар шығару мен орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті қарау және бекіту туралы ереже

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасының Құнды қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 1996 жылғы 13 ақпан N 18 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 14 наурызда N 163 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 маусымдағы № 75 қаулысымен

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.06.01 № 75 қаулысымен.

Осы Ереже эмитенттердің құнды қағаздар шығару қорытындылары туралы есеп тапсыру тәртібін, оларды Қазақстан Республикасының Құнды қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (әрі қарай - "Ұлттық комиссия") қарауы және бекітуі ережелерін белгілейді.

Ереженің күші Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, облыстық қаржы басқармалары және Ұлттық комиссия бұрынырақта тіркеген Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылған құнды қағаздар эмиссиясы проспектілерінің барлығына да таралады.

Осы Ереже Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасы Президентінің "Құнды қағаздар мен қор биржасы туралы" заң күші бар Жарлығына, Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылық серіктестіктер туралы" заң күші бар Жарлығына және Қазақстан Республикасының басқа да заң актілеріне сәйкес жасалды.

1 . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1.1. Құнды қағаздар шығару қорытындылары туралы есептерді эмитенттер құнды қағаздарды орналастыру мерзімі аяқталғаннан кейін бір айдан кешіктірмей тапсырады.

Алғашқы эмиссия кезінде - орналастыру мерзімі бір жылдан, кезекті эмиссиялар кезінде - эмиссияларды мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап алты айдан тұрады.

Облигациялар шығарылымы кезінде орналастыру мерзімі Ұлттық комиссия бекіткен шығарылым және айналым шарттарымен белгіленеді.

1.2. Акциялар толық төленген жағдайда эмитент құнды қағаздарды

орналастыру туралы есепті мерзімінен бұрын қарауға ұсына алады.

Ұлттық комиссия алдыңғы эмиссияның есебін бекітпей тұрып, келесі кезектегі эмиссияны тіркеуді жүргізбейді.

2. Акционерлік қоғамдардың құнды қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есепті қарау және бекіту тәртібі

Құнды қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есепті қарау үшін мыналар ұсынылуы қажет:

а) акционерлік қоғамның түрін, эмиссия сомасын, эмиссияның нақты төленген сомасы мөлшерінің көрсетілуімен бірге акционерлік қоғам басшысы қол қойған, еркін нысанда түзілген өтініш;

б) осы Ереженің N 1 қосымшасына (акциялар үшін), N 2 қосымшасына (облигациялар үшін) сәйкес екі данада түзілген эмиссияның іс жүзінде төленген сомасы мөлшеріне құнды қағаздар шығарылымының қорытындылары туралы е с е п ;

в) банк басшыларының біреуі, бас бухгалтер қол қойған және банк мөрімен куәландырылған, төлемнің толымдылығы мен жарғылық қордың құрылымын растайтын банк анықтамасы.

Салымды қозғалмайтын мүлік ретінде енгізген жағдайда салымның ақшалай бағалануы құрылтайшылардың келісімі бойынша жүргізіліп қана қоймай, сондай-ақ аудиторлық қорытынды арқылы расталуға тиісті;

г) акционерлік қоғамның бірінші басшысы, бас бухгалтері қол қойған және мөрімен куәландырылған, жуық арадағы есеп беру күніне түзетілген осы эмиссияны орналастыру мерзімінің аяқталу сәтіне жасалған кәсіпорын балансы (жылдық баланс ұсынылған кезде салық инспекциясының белгісі қойылуы қажет) ;

д) эмитенттің құнды қағаздарын әзірлеуге тапсырыстың орналасуын растайтын шарттың көшірмесі банктік айқын айырым белгісі бар құнды қағаздарды әзірлеуге тапсырыстың төленгені туралы төлем қағазының көшірмесі (егер эмиссия материалдық сипаттағы нысанда жүзеге асырылған жағдайда).

3. Акционерлік банктердің құнды қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есепті қарау және бекіту тәртібі

3.1. Акционерлік банктердің эмиссия қорытындылары туралы беретін есептері Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінде алдын ала қараудан және бекітуден өтуге тиісті.

3.2. Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің есепті сараптаудан өткізуі

аяқталған соң бір айдан кешіктірмей эмитент Ұлттық комиссияға мыналарды ұ с ы н а д ы :

акционерлік қоғамның түрін, эмиссия сомасын, жарғылық қордың нақты мөлшерін көрсете отырып, акционерлік қоғамның басшысы қол қойған, еркін ны с а н д а түзілген өтініш;

"Қазақстан Республикасының аумағында банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдар эмитенті болатын акциялар мен облигациялар шығарылымның проспектілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінде сараптаудан өту тәртібі туралы" нұсқаулықтың N 2 қосымша үлгісі бойынша түзілген құнды қағаздар шығарылымының қорытындылары туралы есеп. Бұл есепті аудиторлық қызмет куәландыруы тиіс;

осыған N 1 қосымшаға (акциялар үшін), N 2 қосымшаға (облигациялар үшін) сәйкес екі данада түзілген, банк басшысы, бас бухгалтері қол қойған және банк мөрімен куәландырылған нақты түзілген жарғының қорынан мөлшеріне құнды қағаздар шығарылымының қорытындылары туралы есеп;

эмиссияның нақты қалыптасқан көлемнің осы есебін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің хаты;

банк басшысы, бас бухгалтері қол қойған, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің немесе оның бөлімшелерінің мөрімен куәландырылған және олар бекіткен, осы эмиссияны орналастыру мерзімі аяқталған сәтке жасалған банк б а л а н с ы ;

эмитенттің құнды қағаздарын әзірлеуге тапсырыстың орналастыруын куәландыратын шарт көшірмесі және банктік айқын айырым белгісі бар құнды қағаздарды әзірлеуге тапсырыстың төленгені туралы төлем қағазының көшірмесі (эмиссияны материалдық сипаттағы түрде жүзеге асырған кезде).

4. Құнды қағаздар шығарылымының қорытындылары туралы есепті қараған кезде Ұлттық комиссия эмитенттерден осы акционерлік қоғам қызметінің ерекшеліктеріне байланысты қосымша құжаттар тапсырылуын талап етуге қ ұ қ ы л ы .

5. Құнды қағаздар шығарылымының қорытындылары туралы есепке қол қойған басшы, бас бухгалтер, тексеру комиссиясының төрағасы қолданыстағы заңдарға сәйкес ондағы көрсетілген мәліметтердің дұрыстығына жауап береді.

6. Ұлттық комиссия есеп түскен күннен кейінгі күннен бастап 14 күннің ішінде құнды қағаздар шығарылымының қорытындылары туралы есепті қарайды және кемшілігі болмаған жағдайда оны бекітеді, я болмаса эмитентке осы Ереженің 9-тармағына сәйкес есепті бекітуден бас тартқаны туралы хабарлайды.

7. Заң белгілеген мерзімде эмиссияның тіркелген көлемі толық орналастырылмаған жағдайда эмитент онда эмиссияның нақты төленген көлемі қабылданатын акционерлердің кезектен тыс жиналысын өткізуге міндетті.

8. Ұлттық комиссия эмиссияның нақты қалыптасқан сомасы бойынша есебін бекіткеннен кейін осы эмиссия Ұлттық комиссияда қайта тіркелуге тиіс.

9 . Е г е р :

- есепте баяндалған ақпарат Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарының және Ұлттық комиссияның нормативтік актілерінің бұзылғаны туралы куәлік етсе ;

- эмиссия қорытындылары туралы есеп толық көлемде ұсынылмаса;
- есептегі берілген ақпаратта дұрыс емес мәліметтер болса;
- есептік деректердің дұрыс еместігі белгілі болса;
- эмиссияның тіркелген көлемі мөлшердегіден асып кеткен жағдайда Ұлттық комиссия эмитенттен шығарылым қорытындылары туралы есепті қабылдаудан бас тартуға немесе осы эмиссияның күшін жоюға құқылы.

10 . Ұ л т т ы қ к о м и с с и я :

а) эмиссия қорытындылары туралы ұсынылған есептердегі деректер мен мәліметтердің дұрыстығына тексеру жүргізуге;

б) құнды қағаздардың бұрынырақта тіркелген эмиссияларының материалдарын қарауға ;

в) эмитент құнды қағаздар шығарылымының қорытындылары туралы есепті дер кезінде тапсырмаған жағдайда құнды қағаздарды орналастыру жүзеге асқан жоқ деп тануға құқылы .

11. Ұ сы н ы л ғ а н к ұ ж а т т а р д ы қ а р а у к е з і н д е :

құнды қағаздар шығарылымы шарттарының қолданыстағы заңдарға сәйкес келетіні туралы шешімге келуге мүмкіндік беретін есепте ұсынылған мәліметтер мен құжаттардың толымдылығы ;

құрылтайшылық құжаттардың, баланстың және басқа да материалдардың деректеріне есептің сәйкестігі талдануға тиісті.

12. Ұлттық комиссия құнды қағаздарды шығару мен орналастыру қорытындылары туралы есепті бекітуден бас тартқаны жөнінде эмитентке жазбаша нысанда хабарлайды .

13. Ұлттық комиссия есепті бекітуден бас тартқан кезде есеп қайта ұсынылған жағдайда істі қарау мерзімі жаңартылады.

14. Эмиссия туралы есепті қайта ұсыну Ұлттық комиссияның есепті бекітуден бас тартқаны туралы эмитентке хабарлаған сәтінен бастап бір айдың ішінде жүзеге асырылуы қажет .

"Құнды қағаздар шығару мен

орналастыру қорытындылары жөніндегі

АКЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫН ОРНАЛАСТЫРУ
ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ ҮЛГІ ЕСЕП

1. Эмитенттің толық және қысқартылған атауы.
2. Пошталық (заңды) мекен-жайы.
3. Эмиссияның мемлекеттік тіркелген күні мен нөмірі, Эмиссияның мөлшері мен құрылымы (жалпы сомасы, түрлері мен номиналдары бойынша саны).
4. Шығарылым нысаны: құжаттаулы немесе құжаттаулы емес. Егер эмиссия құжаттаулы нысанда орналастырылған болса, онда құнды қағаздарды әзірлеуге тапсырысты кімнің орындағаны көрсетілуі қажет; егер құжаттаулы емес нысанда болса - акционерлік қоғамның құнды қағаздарының қозғалысының депозитарлық есепке алынуы қайда жүргізілетіні көрсетілуге тиіс.
5. Ашық орналастырылған жағдайда: эмиссия проспектісінің жарияланған

күні мен орны.

6. Құнды қағаздар таратылуының басталған және аяқталған күні, құнды қағаздарды сатудың нақты бағасы.

7. Акцияларды төлеу мынадай жолмен жүргізілді:

* _____ сомада ақша қаражатын енгізу.

* акциялар үшін төлем ретінде _____ сомада енгізілген материалдық қаржылармен.

* _____ құнды қағаздармен.

* _____ басқалай.

8. Акциялардың жалпы санының кемінде 5%-іне ие эмитент акционерлерінің барлық заңды тұлғаларының, сондай-ақ жеке адамдардың мынадай схема бойынша тізімі:

Акционер-заңды тұлғалар.	Акционер-заңды тұлғалар.	Акционерлердің
дың толық атауы немесе	дың орналасқан жері не.	жарғылық қор.
акционер-жеке адамдардың	месе акционер-жеке адам.	дағы үлесі
аты-жөні	дардың паспорттық дерек.	(процент есе.
	тері	бімен)

9. Жай және артықшылықты акциялар бойынша дивидендтердің, проценттердің мөлшері және төлем күні _____
10. Орналастырылмаған акциялардың саны _____
11. Есепке басшының, бас бухгалтердің, тексеру комиссиясы төрағасының қолдары қойылады және мөрмен куәландырылады.

Ескертпе: Эмиссияны орналастыру туралы есепке тиісті эмиссияның мемлекеттік тіркелуі туралы құжаттың көшірмесі қоса тапсырылады.

Басшысы _____
Бас бухгалтері _____
М.О, Тексеру комиссиясы төрағасы _____

"Құнды қағаздар шығару мен
орналастыру қорытындылары жөніндегі
есептерді қарау және бекіту туралы
ережеге" N 2 қосымша

ОБЛИГАЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫН ОРНАЛАСТЫРУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ ҮЛГІ ЕСЕП

1. Эмитенттің толық және қысқартылған атауы _____
(шаруашылық субъектісінің

түрі мен үлгісі, орналасқан жері, қайда, кім және қашан

тіркегені көрсетілсін)

2. Пошталық (заңды) мекен-жайы _____
3. Облигация шығарылымының мемлекеттік тіркелген күні _____
- Мемлекеттік тізілім бойынша тіркеу нөмірі _____
- Эмиссия мөлшері мен құрылымы _____

(жалпы сомасы, түрлері, үлгілері және номиналдары бойынша саны)

4. Шығарылым нысаны: _____
(құжаттаулы немесе құжаттаулы емес)

Егер эмиссия құжаттаулы нысанда орналастырылған болса, онда облигацияларды әзірлеуге тапсырысты кімнің орындағаны көрсетілуі қажет; егер құжаттаулы емес нысанда болса - эмитент облигациялары қозғалысының есепке алынуы қайда жүргізілетіні көрсетілуіне тиіс.

5. Шығарылым шарттарының жарияланған күні мен орны _____

6. Облигациялар айналымының басталған күні _____

облигациялар айналымының аяқталған күні _____

7. Облигацияларды төлеу мынадай жолмен жүргізілді:

_____ сомада ақша қаражатын енгізу.

Облигациялар үшін төлем ретінде _____ сомада енгізілген

материалдық қаржылармен.

_____ басқалай

8. Төленетін процент мөлшері _____

9. Өтелмеген облигациялар саны _____

Ескертпе: Эмиссияны орналастыру туралы есепке тиісті эмиссияның мемлекеттік тіркелуі туралы құжаттың көшірмесі қоса тапсырылады.

Басшысы _____

Бас бухгалтері _____

М.О. Тексеру комиссиясының төрағасы _____